

"Kazakhstan JinijangCo., Ltd" жеке компаниясына жария сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің 2026 жылғы 7 шілдедегі № 3 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабы 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасу ауданының Айдарлы ауылдық округі аумағында орналасқан, пайдалы қазбалардың ресурстары мен қорларын бекіту үшін геологиялық барлау жұмыстарын орындау мақсатында, "Kazakhstan JinijangCo., Ltd" жеке компаниясына жалпы алаңы 1433,0 гектар жер учаскесіне жария сервитут белгіленсін.

2. "Қарасу ауданы Айдарлы ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімге қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік бес жұмыс күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Қарасу ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Айдарлы ауылдық округінің әкімі

А. Казиев